



## ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ДИАЛЕКТІЛЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Jumagali İBRAGİMOV\*

**Аңдатпа:** Бұл мақалада қазақ тілінің жергілікті тілдері мен диалектілерінің ерекшеліктері, олардың әдеби тілмен қарым-қатынасы мен айырмашылықтары кеңінен талқыланады. Диалектология саласындағы зерттеулер жергілікті тілдердің қалыптасу процесі, тарихи дамуы және әлеуметтік факторлардан туындайтын ерекшеліктерін анықтауға бағытталған. Сондай-ақ, жергілікті тілдердің әдеби тілмен өзара әсері және әдеби тілге қосылуының оң және теріс жақтары да қарастырылады.

Диалектілердің әдеби тілге әсері мен олардың тілдік қорды байытудағы рөлі ерекше маңызға ие. Мақалада диалектілердің мағынасы мен қолданысындағы өзгешеліктер, олардың географиялық және тарихи факторларға байланысты қалай өзгергендігі сарапталады. Әрбір диалектінің өзіне тән құрылымдық ерекшеліктері мен оның тілдің дамуындағы орны туралы пікірлер баяндалады.

Зерттеу барысында қазақ тілінің диалектілік ерекшеліктері және әдеби тілдің дамуындағы өзгерістер мен олардың халықтың тарихына, құрылымына, географиялық орналасуына әсері қамтылады. Тілдің өзгеруі мен дамуы, диалектілердің әдеби тілге әсері, сондай-ақ ғалымдардың бұл мәселеге қатысты пікірлері мен көзқарастары да орын алады. Мақалада қазақ тіліндегі диалектілердің бар немесе жоқтығы жөніндегі көзқарастарды ұстанған зерттеушілердің еңбектері де қамтылады.

**Қілт сөздер:** Диалект, Әдеби тіл, Тілдердің жіктелуі, Лексикалық, Фонетикалық.

---

Araştırma Makalesi / Künye: İbragimov, J. “Қазақ Сөйленістерін Зерттеудің Әдістемелік Мәселелері”. *Türkoloji*, 122 (Haziran 2025), s. 59-78.

\* Dr. Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi, Filoloji Fakültesi, Türk Dili Bölümü, e-mail: juma09@mail.ru, ORCID: 0000-0001-9111-7586

## **METHODOLOGICAL ISSUES IN THE STUDY OF KAZAKH LANGUAGE DIALECTS**

**Abstract:** This article comprehensively examines the nature of regional varieties and dialects of the Kazakh language, as well as their relationship and differences with the standard literary language. Research in the field of dialectology focuses on the formation of local varieties, their historical development, and the characteristics shaped by social factors. The mutual influence of regional varieties on the literary language and the positive and negative aspects of their integration into it it also discussed.

The impact of dialects on the literary language and their place in enriching the vocabulary are of particular importance. The article analyzes the differences in meaning and usage of dialectal words, as well as how these have evolved due to geographical and historical factors. Each dialect's unique structural features and its place in the overall development of the language are also addressed.

The study explores dialectal features of the Kazakh language, changes in the literary language, and how these are influenced by national history, linguistic structure, and geographical distribution. The article also discusses various academic perspectives and debates on the influence of dialects on the standard language. Moreover, it includes scholars' views on the existence or absence of dialects in Kazakh.

**Keywords:** Dialect, Literary language, Language classification, Lexical, Phonetic.

### **Кіріспе**

Диалект ұғымына бүгінгі күнге дейін біршама анықтама берілген, ал халық арасында бұл ұғым көбіне жергілікті тіл деп аталады, себебі диалектілік құбылыстар – белгілі бір халық тілінің әртүрлі даму кезеңдерінде пайда болған тілдік ерекшеліктер болып табылады.

Диалект дегеніміз – жалпыхалықтық қолданыста болмайтын, белгілі бір территориялық аймақта ғана қолданылатын тілдік ерекшеліктер. Қандай да бір тілдік топты диалект деп атау үшін жалпыхалықтық қолданыста емес және көркем әдеби тілден ерекшеленетін сипатқа ие болуы тиіс (Ақар, 2016, 12 -б).

Диалектология – тіл ғылымында қандай да бір тілдегі диалектілік айырмашылықтарды, бұл диалектілердің шығу тегін,

таралу жағдайын және әдеби тілге қарым-қатынасын зерттейтін тіл білімінің бір саласы болып табылады.

Диалектілік, яғни жергілікті тілдер – белгілі бір аймақты мекендеген жергілікті халықтың тілдік қорындағы сөздердің алуандығымен және сөз тіркестерінің ерекшеліктерімен сипатталады. Жергілікті тіл белгілі бір географиялық аймақта мекендеген халықтың тарихы, тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымдық көзқарастарымен үйлесімді дамиды. Жергілікті тілдің кейбір элементтері жалпыхалықтық тілдік қорға еніп жалпылама қолданыстағы сипатқа ие болатын құбылыстар да болады. Жергілікті тілдер қандай да бір аймақтың тілдік қорының қолданысымен қатар жалпы халықтық тілмен қосарлана қолданылып, сонымен қатар лексикалық, фонетикалық, грамматикалық сипаттамаларымен ерекшелініп тұрады.

Н. Сауранбаевтың еңбектерінде: «қазақ тіліндегі диалектілер, яғни, жергілікті тіл ерекшеліктері – ескінің көзі, ескіден қалған тарихи мұра, тарихи құбылыстардың жемісі болып табылады және бұл диалектілер кейбір түркі тілдеріндегі сияқты анық ерекшеліктерімен сипатталмайды» деген пікір білдіреді.

Жалпы тіл дамуының екі сатысы болады: жоғарғы формасы – қандай да бір ұлттың әдеби тілі болса, төменгі формасы – диалектілер. Бұл туралы Қалиев пен Сарыбаевтың авторлығындағы «Қазақ диалектологиясы» атты еңбегінде: «диалект, ұлттық тілдің өзіндік ерекшеліктерімен сипатталатын тілдің тармақшасы ретінде қарастырып, диалектологияның міндеті болса жергілікті тіл ерекшеліктерін тексеру қызметін атқарады» деген болатын (Қалиев & Сарыбаев, 2002, 4 -б).

Жазба тілде ұмыт болған көптеген дыбыстарға, жұрнақтарға, сөздерге қатысты деректер диалектілерде бар екенін көреміз. Демек, заман ағымымен тілде болған өзгерістері мен даму процестерін анықтауда диалект маңызды рөл атқарады. Диалектілермен байланысты құрастырылған мәтіндер мен жүргізілген талдауларда тілдің зерттеудегі мәселелеріне қатысты шешу туралы маңызды деректер бар.

Диалектінің құрылу жолы сөйленістерден бастау алады. Сөйленістер бір-біріне жақын тілдік ерекшеліктерден құралады, нәтижесінде сөйленістер тобы құрылып, содан кейінгі кезеңде диалект қалыптасады. Диалектілерді бір-бірінен ажырататын ерекшелік ол - айырым белгілері. Жалпы диалектінің болып болмауын тілдік қолданыстағы айырым белгімен анықтайды және диалектінің

зерттелуіндегі ең маңызды көрсеткіші болып табылады (Eltazarov, 2016, 35 -б).

Диалектілік лексикалық сөздердің мағынасындағы ақпараттың таралуы және қабылдануы тұрғысынан негізгі үш ерекшелігі бар:

Біріншісі – диалект сөздердің таралуы аумақтық (территориялық) көрсеткіштермен өлшенуі. Екіншісі – жергілікті сөздерді қолданушылардың белгілі бір бөлігі ғана қолданатын тілдік бірліктің болуы. Үшіншісі – жергілікті сөздердің әдеби тіл құрамына енуіне байланысты диалектінің ақпарат таралу және қабылдану функциясының артуы көрініс табуы.

Диалектілік құбылысқа әсер ететін ең басты факторлардың бірі –географиялық кеңістіктегі көршілес халықтардың тілдік ерекшеліктерінің жергілікті халықтың тіліне әсер етілуімен сипатталады. Көршілес халықтардың қарым-қатынасы нәтижесінде тұрмыстық өмір салтында, салт-дәстүрінде және тілінде, яғни аталған құндылықтардың алмасу процесі жүретіні табиғи құбылыс болып саналады. Сондықтан диалектілік құбылыстың өзі табиғи үдеріс ретінде қалыптасады деп есептеуге болады.

Қазақ тіліндегі жергілікті тілдердің қалыптасу мен дамуын халықтың/ұлттың тарихына, құрылымдық ерекшеліктеріне және географиялық орналасуына қатысты болады деген пікірлерге сүйенген көзқарастар басым. Ж. Аймауытұлының пікірінше, қазақ халқының географиялық жағдайда басқа халықтармен көршілес орналасуына байланысты халықтардың сөздерінің алмасу үдерісі болатынын баяндайды. С. Аманжолов болса, рулардың тарихы мен тіл тарихы үндесетінін және қазіргі жергілікті тілдердің негізі халық тарихында болады деген пікірін білдіреді (Жүнісбек, 2002, 11 -б).

### **Ғылыми зерттеу әдіснамасы**

Мақаланың негізгі мақсаты – қазақ тілінің диалектілік зерттеу жұмыстарындағы көптеген еңбектердің болғанына қарамастан әлі де болса орын алған кемшіліктерді анықтау және бұл кемшіліктерді жою болып табылады. Сонымен қатар аталған жұмыста диалектілердің әдеби тілге қатысты рөлін анықтау. Қазақ тілінің диалектілік тақырыбына қатысты еңбектерді негізге ала отырып, әлі де зерттелуі тиіс тұстарын нақтылау мақаланың мақсаттарының бірі болып табылады.

Мақаланы дайындау үдерісінде отандық және шет елдік ғалымдардың қазақ тілінің диалектісі тақырыбына байланысты зерттеу

жұмыстары материал ретінде қарастырылды. Зерттеудің әдіснамасы қазақ тілінің диалектілік зерттеу жұмыстарындағы кездесетін ұғымдарды қарастыруда салыстырмалы-тарихи әдіске, сонымен қатар, зерттеуде тарихи талдау, саралау, деректанулық сыни әдісте де қолданылды.

Мақалада тіл ғылымындағы әдеби тіл мен жергілікті тіл ұғымдарының мәнін ашу, диалектілердің жіктелуі және олардың өзара байланысы туралы баяндалады. Қазақ тіліндегі диалектілер қазақ халқының қалыптасуынан бұрын бар болған тілдік элементтер және бұл құбылыс қазақ тілінде XV ғасырдан кейін пайда болды (Shakirova, 2007, 129 -б).

Қазақ диалектілерін зерттеу жұмыстарын жалпы үш кезеңге бөлуге болады:

- 1) Қазан төңкерісіне дейін жүргізілген зерттеулер;
- 2) Кеңестік кезеңде жүргізілген зерттеулер;
- 3) Қазақстан Республикасы кезеңінде жүргізілген зерттеулер.

#### **1) Қазан төңкерісіне дейін жүргізілген зерттеулер**

Қазан төңкерісіне дейін (1917) түркология саласында еңбек еткен ғалымдардың қазақ тілінің диалектілері туралы толық мәлімет жоқ. Өйткені жергілікті және шетелдік түркологтар қазақ тілінің диалектілік ерекшеліктерін жеке зерттемеген. Осы кезеңде жарияланған кейбір кітаптарда диалект ерекшеліктер бар материалдарды кездестіруге болады. Бұл материалдар кейбір түрколог ғалымдардың қазақ тілінде диалектілердің бар-жоғы туралы әртүрлі пікірлерді ұсынуға себеп болды. Қазақ тілінде диалектінің іс жүзінде екендігін қолдайтын ғалымдармен қатар бұл құбылысты жоққа шығаратын ғалымдардың пікірлері де кездеседі. Атап айтсақ, қазақ тілі мамандарының көпшілігі В. Радлов, П. Мелиоранский, Н. Ильминский, А. Позднеев сияқты ғалымдар қазақ тілінде диалектілік ерекшеліктер жоқ деген пікірде болатын. Академик В. Радлов қазақ тілі монолитті бір тіл сондықтан бұл тілде диалектілер кездеспейді деген пікірді қолдаған. Ал С. Малов, Н. Ильминский болса «Қырғыз (қазақ) сахарасының ұлан-байтақ кеңістігінде қырғыз-қайсақтардың тілі диалектілерге бөлінбейді» деген. Екінші топ Н. Ильминский, Н.Ф. Катанов, П.М. Мелиоранский, М. Терентьев қазақ жерінің барлығында болмаса да, кейбір аймақтарында диалектілік ерекшеліктер бар екендігі туралы жазған. Қазан төңкерісіне дейін жарық көрген А.В. Васильев, Н.Н. Пантусов, Ш. Уәлиханов, Ә.Ә. Диваев және т.б. ғалымдардың

зерттеулерінде қазақ диалектілерін зерттеуге болатын маңызды лингвистикалық материал бар (Нақысбеков, 2010, 16 -б).

Қазақ тілінің «жергілікті», «аймақтық» сипаттағы тілдік ерекшеліктерінің болуы жайында алғаш рет Жүсіпбек Аймауытұлы жазған. Ж. Аймауытұлы қазақ тілінде «ана тілінің ерекшеліктері» терминін алғаш қолданған мақаласында Қазақстандағы жергілікті тіл ерекшеліктеріне, қазақ диалектілерінің тарихи, саяси және әлеуметтік қалыптасу процестеріне де тоқталған.

## **2) Кеңес Одағы кезеңінде жүргізілген зерттеулер**

Қазақ диалектілерін фонетикалық, грамматикалық және лексикалық тұрғыдан зерттеу жұмыстары Кеңестік кезеңде басталған болатын. 1937 жылы профессор І.Кеңесбаевтың жетекшілігімен Қазақстандағы жергілікті тіл ерекшеліктерін зерттейтін алғашқы зерттеу тобы құрылса да, теориялық зерттеулер кейінірек қолға алынды. Осы зерттеулердің нәтижесінде қазақ диалектологиясы ғылым ретінде қалыптасты. 1937 жылы Кеңес Ғылым академиясының Қазақ тілі бөлімі Алматы облысының Кеген-Нарынқол ауданына, Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтаарал ауданына және Қарағанды облысының Нұра ауданына үш бөлек сарапшылар тобын жіберіп, диалект зерттеу жұмыстарының басталуына ықпал етті. Бұл зерттеулер 1939 жылы Маңғыстау мен Торғайда, 1940 жылы Сарысуда, Аралда және Ордада жалғасын тауып, осы аймақтардан көптеген диалектілік материалдар жинақталды. 1953 жылдан кейін С.Аманжолов, Ж.Досқараев, Н.Т.Сауранбаев және Ғ.Мұсабаев сынды қазақ диалектологиясын зерттеушілер осы жинақталған материалдарды қазақ диалектісін жіктеу үшін қолданды. (Атмаса, 2016, 596 -б).

Қазақ диалектологиясының тарихында тұңғыш рет Ж.Досқараев 1944 жылы «Оңтүстік диалектілердің кейбір мәселелері» атты кандидаттық диссертациясын, 1948 жылы С.Аманжолов «Қазақ тілінің негізгі мәселелері» атты докторлық диссертациясын қорғады. 1948 жылдан бастап Қаз КССР ҒА Тіл және әдебиет институтының диалект саласының зерттеу мамандары жергілікті тіл ерекшеліктерін жинақтау мақсатында жүйелі түрде зерттеу жұмыстарын жүргізе бастады. 1951 жылы Ж.Досқараев пен Ғ.Мұсабаевтың «Шағын диалектологиялық сөздігі», 1953 және 1954 жылдары «Вопросы языкознания» журналында С.Аманжолов пен Ж.Досқараевтың қазақ диалектілеріне қатысты мақалалары жарық көрді. 1956 жылы қазақ тілінің жергілікті тілдік ерекшеліктерін зерделеуге көмектесетін нұсқаулық жарық көрді. Осы жылдары диалекті зерттеу мамандарының саны артып, Ж.Болатов, О.Нақысбеков, С.Омарбеков, Ғ.Қалиев және басқа да жас зерттеушілер

аталған салада зерттеулерін жүргізе бастады. 1954 жылы Ғ.Қалиев «Арал диалектісін», 1960 жылы С.Омарбеков «Маңғыстау диалектісін», 1963 жылы О.Нақысбеков «Шу диалектісін», 1964 жылы Е.Байжолов «Қостанай облысының қазақ тілі диалектісін», 1965 жылы Е. Нұрмағамбетов «Түркіменстандағы қазақтардың диалектісін», 1965 жылы Н.Жунисов «Қарақалпақ ССР-індегі қазақтардың диалектісін», 1966 жылы Е.Бөрібаев «Ордадағы қазақтардың диалект ерекшеліктерін», 1967 жылы Т.Айдаров «Өзбек КСР-дегі қазақтардың диалектісін», 1967 жылы Ю.Эбдувелиев «Ташкент қазақтарының диалектісінің фонетикалық-грамматикалық ерекшеліктерін», 1968 жылы Ш. Бектуров «Қызылорда диалектісін», 1969 жылы Б.Бекетов «Қарақалпақстанның Оңтүстігіндегі қазақтардың диалект ерекшеліктерін», 1975 жылы А.Тасымов «Еділ бойындағы қазақтардың диалектілік ерекшеліктерін» анықтады

Ж.Досқараевтың 1955 жылы 1500-ге жуық сөзден тұратын қысқаша диалект сөздігі жарияланды. 1959 жылы шыққан С.Аманжоловтың диалектологиялық сөздігіндегі сөздердің саны 4000-ға жуықтайды. Бұл екі сөздікте кемшіліктер болғанымен, сол кезеңнің талаптарына сәйкес жазылған. 1969 жылы диалект саласында ғалымдардың бірлескен жұмысының нәтижесінде 6000-нан астам сөзден тұратын «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі» дайындалды (Омарбеков & Жунисов, 1985, 159 -б).

### **3) Қазақстан Республикасы кезеңінде жүргізілген зерттеулер**

Бұл кезең дүние жүзіндегі қазақтардың тілдік ерекшеліктерінің көбірек зерттелетіндігімен маңызды. Өйткені, жоғарыда аталған сөздікте шетелде тұратын қазақтардың тілдік ерекшеліктері туралы мәліметтер жоқ. Бұл кемшілік 2005 жылы диалект саласы ғалымдарының бірлескен жұмысының нәтижесінде 22 мыңнан астам сөзді қамтитын «Қазақ тілінің аймақтық сөздігі» атты зерттеумен толықтырылды. Осы уақытқа дейін жүргізілген барлық зерттеулердің нәтижелерін біріктіру арқылы жасалған бұл сөздіктің аймақтық деп сипатталуының себебі – Қытай, Моңғолия, Ауғанстан, Иран, Ресей, т.б. елдерде тұратын қазақтардың тілдік ерекшеліктерін де қамтитындығына байланысты. 2007 жылы «Диалектологиялық сөздік» атты диалект сөздігі жарық көрді (Ibragimov, 2020, 55 -б).

Соңғы жылдары Б. Базылхан, Ф. Сағындықова, Ж. Бисенбаева, Қ. Құрманәлиев, Б. Өтебеков, С. Мұстафа және Н. Бирайдың диалектология саласындағы зерттеу жұмыстары жарияланды. Сонымен қатар, М.Қ. Есімболова, Б. Жүсіпова, А.З. Есенбай, Қ.С. Қалибаева, М.С. Атабаева және Ф. Шахипованың докторлық диссертация

тақырыптары қазақтардың жергілікті диалектілеріне қатысты еңбектер болды. Қазақ тілінің диалектологиясы қазақ тіл білімінің басқа салаларына қарағанда маңызды болып саналады және сала ретінде кеш зерттеле бастаған ғылым саласы болып есептеледі.

Қазақ тілінің диалектологиясы кеш зерттеле бастаған ғылым саласы болғандықтан осы тақырыпқа қатысты әрбір зерттеу маңызды болып саналады. Диалектілердің табиғи сипатына қарай бағалау, жергілікті тілдің өзіне тән ерекше белгілері мен ерекшеліктерін анықтау, сондай-ақ тілдің дамуы мен өзгеруін қадағалау және сол тілдің сөздік қорын ашу осы саладағы зерттеулердің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

#### **Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен талдауы**

Диалект тілдердің бар-жоғын анықтау және оларды жіктеу немесе топтастыру өте күрделі жұмыс болып табылады. Диалектілерді бір-бірінен айқын ажырату қиын болғандықтан, қазақ тілінің өз аясында да жіктелуін анықтау да күрделі жұмыс. Бұл мәселе бойынша қазақ тілі мамандары әлі де ортақ пікірге келе қойған жоқ және қазақ тілінің диалектілері тақырыбы ұзақ уақыт бойы пікірталас туғызып отырған бір сала болып табылады. Дегенмен мақаламызда қазақ тіліндегі жергілікті тілдердің жіктелуінің бірнеше нұсқасын қарастырдық.

Нақысбеков жүргізген зерттеуде Оңтүстік аймақтық диалектіні төмендегі алты кіші топқа бөлгенін көруге болады:

1. Жетісу диалектісі. (Алматы облысы)
2. Шу диалектісі. (Жамбыл облысы)
3. Шымкент диалектісі. (Шымкент облысы)
4. Қызылорда диалектісі. (Қызылорда облысы)
5. Ташкент диалектісі. (Өзбекстанның Ташкент және Бұхара облыстарындағы қазақ ауылдары)
6. Тәжік диалектісі. (Тәжікстанда тұратын қазақ ауылдары) (Нақысбеков, 2010, 40 -б).

Ғалымдардың арасында қазақ тіліндегі диалектілердің бұрынғы ру-тайпа тілдеріне қатысты екендігіне байланысты көзқарастың екі түрі бар. Біріншісі, С.Аманжоловтың қазақ тіліндегі диалектілерді қазақ жеріндегі бұрынғы рулық және жүздік фактормен байланыстыру

көзқарасы болса, екіншісі Н. Сауранбаевтың диалектілерді халықтың қалыптасу процессінен кейін пайда болған құбылыс деген көзқарасы (Қысметова, 2024, 20 -б).

Жүсіпбек Аймауытұлы жергілікті сөздерді үш топқа жіктейді:

- 1) пайдалы сөздер,
- 2) зиянды сөздер,
- 3) даулы сөздер.

Пайдалы сөздер – бұл, мәндес, яғни синоним сөздер, бірақ бұл сөздердің әр түрлі түбірден шыққанындығын ескеріп бұл сөздерді жалпыхалықтық тілде қолданғанда сұрыптау қажеттілігі ұсынылады. Зиянды сөздер ретінде бір сөздің әр түрлі болып жазылатындығын және бұл сөздердің шыққан түбіріне, көп қолданылатындығына және тіл заңына сәйкестігіне, жазуға жеңіл қолатындығын іріктеп алу қажет деген пікір білдіреді. Даулы сөздердің аймақтарға қарай жағымды және жағымсыз мәнде қолданылатындығы туралы және бұл сөздердің түрік, парсы, араб тілдеріндегі түбірін зерттеу керек екендігі ұсынылады.

Қазақ диалектілерін жіктеу туралы маңызды мәліметтер Ғ. Қалиев пен Ш. Сарыбаевтың «Қазақ диалектологиясы» деген еңбегінде орын алған. Бұл зерттеуде қазақ диалект саласының мамандары С. Аманжолов, Ж. Досқараев, Н. Сауранбаев және Ғ. Мұсабаев құрастырған тілдік материалдарға сүйене отырып, қазақ диалектілерін жіктеуге тырысқан. Бұл ғалымдардың қазақ диалектілерінің жіктелуі туралы пікірлерін келесідей тізбектеуге болады:

- а) С. Аманжолов 3 топқа бөлді: Солтүстік-Шығыс, Оңтүстік, Батыс.
- б) Ж. Досқараев 2 топқа бөлді: Оңтүстік-Шығыс, Солтүстік-Батыс.
- в) Н. Сауранбаев 2 топқа бөлді: Оңтүстік-Шығыс, Солтүстік-Батыс.
- г) Ғ. Мұсабаев 2 топқа бөлді: ауыспалы диалект, жергілікті диалект.

Қазақ тілінің диалектілерін алғаш рет жіктеген С. Аманжолов қазақ диалектілерінің пайда болуын қазақ даласындағы жүздер мен рулардың қарым-қатынасымен байланыстырады. Аманжоловтың пікірінше, қазақтың үш жүзінің қалыптасуымен үш жергілікті диалект пайда болған. Бұл диалектілер: ұлы жүз (Солтүстік-Шығыс диалектісі), орта жүз (Оңтүстік диалектісі) және кіші жүз (Батыс диалектісі). Бұл диалектілерді төмендегідей талдайды:

**1. Солтүстік-Шығыс диалектісі:** Ақмола, Павлодар, Семей, Шығыс Қазақстан, Көкшетау, Қарағанды, Солтүстік Қазақстанның

кейбір облыстары мен Қостанай және Талдықорған облыстарының кейбір аудандары қолданады. Аманжоловтың Солтүстік-Шығыс диалектілер тобының қолданушылар қатарына Керей, Найман, Арғын, Қоңырат, Қыпшақ рулары кірді. Бұл рулар ерте дәуірлерден бастап Ертіс, Есіл, Тобыл, Торғай өзендері мен Алтайдың кең-байтақ Тарбағатай өңірлерінде мекендеген. Аталған рулар оңтүстіктегі ұлы жүз рулары, Батыстағы кіші жүз рулары, татарлар мен башқұрттар, Солтүстікте Алтай, Барабин, Тобыл татарлармен, Шығысында Моңғол, Қытай, ұйғырлармен көршілес қоныстанған. С.Аманжолов Солтүстік-Шығыс диалектісі қазақ әдеби тілінің негізін құрайтын диалект екендігін және фонетикасы, грамматикасы, сөздік құрамы жағынан басқа диалектілермен салыстырғанда жазба тілге өте жақын деген пікірін білдірген.

**2. Оңтүстік диалектісі:** Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстанның қалалары және Талдықорған, Қызылорданың кейбір Оңтүстік аудандары тұрғындары қолданады. С.Аманжолов қазақ тілінің Оңтүстік диалектісін ежелгі Үйсін, Қаңлы, Дулат, Жалайыр руларының диалектілері қамтиды деген пікірде болды. Бұл рулар Жетісу, Сырдария, Алатау жазықтарында, бүгінгі Алматы, Талдықорған, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстары өңірлерінде ерте кезеңнен бастап қоныстанған. Аталған рулар Шығысында ұйғырлармен, Солтүстік-Шығысында Найман, Керей, Қоңырат руларымен, Солтүстік-Батыста Алшын руымен, оңтүстігінде өзбек, қырғыздармен шекаралас қоныстанған. 19 ғасырда қазақ халқына қосылған бұл қауымдастық «Ұлы жүз» деп аталған және бұл рулардың әлеуметтік, экономикалық және мәдени жағдайлары әуел бастан ортақ болғандықтан, уақыт өте олардың сөйлеу тілі жергілікті диалектіге айналған. Сонымен қатар, бұл диалектілердің қалыптасуына ұйғыр және қырғыз тілдері де ықпал еткендігін және Ұлы Жүздің 17-19 ғасырда Қоқан Хиуа хандықтарының қол астында қалған кезде өзбек тілінің де ықпалы болғанын айтуға болады.

**3. Батыс диалектісі:** Батыс Қазақстан, Ақтөбе қаласы және Оңтүстікте Қызылорда облысы, Қостанайдың кейбір Батыс аудандарын мекендеген халық қолданатын жергілікті тіл болып табылады. С. Аманжолов бұл диалектіні Алшын руы қолданатын Батыс диалектісі деп есептейді. Алшын рулары одағының оңтүстігінде қазақ және қарақалпақ халықтары Оңтүстік диалектісімен, Оңтүстік-Батысында Түрікмен халқы, Солтүстік-Батысында Татарлар мен Ноғайлар, Солтүстік-Шығыс диалектісі және Башқұрттармен шектеседі. Бұл ру ежелден Арал, Каспий жағалауларында, Жайық, Ор өзендерінің

бойында қоныстанған. Сәйкесінше, бүгінде бұл диалект Ақтөбе облысының Орал, Гурев, Маңғыстау облысының барлық аудандарын қамтиды.

Ж. Досқараев қазақ тіліндегі диалектілікті екі үлкен топқа бөлді:

1. Оңтүстік-Шығыс диалекті тобы: Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы облысы, Талдықорған қаласының Оңтүстік-Батыс аудандары және Қызылорданың Оңтүстік-Шығыс аудандарында қоныстанған жергілікті халық қолданатын диалект тобы.

2. Солтүстік-Батыс диалект тобы: Батыс Қазақстан, Гурьев, Ақтөбе, Қостанай, Қарағанды, Целиноград, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облысының Батыс аудандары (Қазалы, Арал, т.б.) және Семей облысының Солтүстік-Батыс қалалары тұрғындары қолданатын жергілікті тіл тобы (Атмаса, 2016, 42 -б).

Бұл екі диалект тобының тарихи дамуының нақты зерттелмегендігіне назар аудара отырып, Ж. Досқараев фонетикалық, морфологиялық және сөз типтік белгілеріне қарай өзіндік классификациясын жасады.

Н. Сауранбаев қазақ тілінің диалектілерін Оңтүстік-Шығыс және Солтүстік-Батыс диалектілері деп жіктеді. Сауранбаевтың классификациясы жалпы бұл жіктеу Ж.Досқараевтың классификациясына жақын. Сауранбаев Солтүстік-Батыс тобы үшін «ш, д» (мысалы, шапан, шәлі, маңдай) дыбыстарын және Оңтүстік-Шығыс тобы үшін ч, л (мысалы, чапан, чалы, манлай) дыбыстарын ерекше белгілер ретінде көрсетті (Мамырбекова, 2024, 150 -б).

Мұсабаев қазақ тіліндегі диалектілік ерекшеліктерді екі топқа бөлді: ауыспалы диалект және жергілікті диалект.

а) Ауыспалы диалект: бұл топ жергілікті халықтың тіліндегі басқа диалектілер мен өзге тілдерден енген сөздермен ерекшелінеді. Мысалы: Қазақ тіліне Оңтүстікте өзбек, қырғыздардан, Батыста татар, башқұрттардан, Шығыста алтайлар мен қытай тілдерінен енген сөздер.

б) Жергілікті диалект: жергілікті диалектінің қалыптасуында ескі рулық тілдердің әсері мен жергілікті экономикалық жағдайдың бір-бірімен байланыстырылатын ерекшелігімен сипатталады. Мұсабаев бұл диалектідегі жергілікті жер-су атауларының, жануарлардың, өсімдіктердің әдеби тілге қатынасын талдайды (Қысметова, 2024, 150 -б).

Жергілікті тіл жіктелуінің кең тараған екі тобын бөліп қарастыруға болады: дәстүрлі диалектілік ерекшеліктер және дәстүрсіз диалектілік ерекшеліктер. Дәстүрлі диалектілік ерекшеліктерге көнеден бері қолданыста келе жатқан тілдер тобының ерекшеліктері жатады. Дәстүрсіз диалектілік ерекшеліктерге болса, тілдік қолданысқа кейіннен пайда болған, көбіне басқа тілдерден енген сөздер жатады. Этноатаулар дәстүрлі диалектикалық ерекшеліктерге мысал бола алады.

Тағы бір классификацияда диалект тілдердің жіктелуін тіл зерттеуші ғалымдар алты топқа бөледі:

- 1) Жетісу диалектісі (Алматы облысы);
- 2) Шу диалектісі (Жамбыл облысы);
- 3) Шымкент диалектісі (бұрынғы Шымкент облысы қазіргі Түркістан облысы);
- 4) Қызылорда диалектісі (Қызылорда облысы);
- 5) Ташкент диалектісі (Ташкент, Бұхара облыстарындағы қазақ аудандары);
- 6) Тәжік диалектісі (Тәжікстандағы қазақтар мекендеген аудандар) (Қалиев & Сарыбаев, 2002, 47 -б).

Жоғарыда тізбектеп көрсеткеніміздей жергілікті тілдердің әртүрлі өлшемдермен жіктелуі болатынын және олардың өзіндік ерекшеліктерін атап өттік. Диалектілердің жіктелуінің өзі қазақ тілінде жергілікті тілдер тобының бар екендігін және олардың бірнеше топқа жіктелетіндігінің көрсеткіші болып табылады және қазақ тілінің әдеби тілден бөлек жергілікті тілдік сөздік қорға ие деп айтуға мүмкіндік береді.

Әдеби тіл мен диалектілер бір-бірімен тығыз байланыста болып, бір-бірін толықтыратын функциялары бар деп айтуға болады. Көркем әдебиетте автор туындысын сомдау мақсатында жергілікті тілді қолдануы кездеседі және қолданылған диалектілер әдеби тіл нормаларына қайшы келмеген жағдайда ғана бұны оң әдіс деп айта аламыз. Кейде әдеби тілдерге диалектілер еніп тілдің сөздік қорын қорын байытатын құбыластар болады. Диалектілік сөздерді әдеби тілге енгізуде шама - шарықтық және ұтымдылық принциптерін басымдылыққа алу керек. Кері жағдайда бұл құбылыс әдеби тілдегі нормалардың бұзылуына әкелуі мүмкін және әдеби тілдің диалектілендіру қаупіне әкеліп соғады. Сондықтан диалект тілдердердің элементтерін әдеби тілге енгізу өте жауапты жұмыс екенін

ескеру қажет. Тілімізде бұл процесс, яғни диалектілендіру құбылысы ХХ ғасырдың 70-80-жылдарында көрініс тапты деп сипаттасақ болады (Қалиев, Сарыбаев, 2002, 47 -б).

Диалектінің және әдеби тілдің бірі-біріне қарама-қарсы құбылыс деген тұжырымдама ғылымында Р.И.Аванесовтың еңбектерінде жазылған Бұған қарсы көзқарас ретінде, көркем әдеби тіл құрамына енген жергілікті сөздер жаңаша сипатқа ие болып, қолдану аясы кеңейіп жалпыға түсінікті болады деген пікірлер де бар (Eltazarov, 2016, 28 -б).

Жүсіпбек Аймауытұлы жергілікті тілдердің, яғни диалектілердің әдеби тілге пайдасы мен зияны да болатыны туралы да өз еңбектерінде баяндайды. Диалектілілердің кері әсері ретінде қандай да бір ойды, бір затты немесе бір құбылысты әртүрлі етіп айтылуы түсініксіздік тудыратынын, сонымен қатар, қолданыстағы сөздердің немесе сөз тіркестерінің тұрақсыз, құбылмалы болуы сауаттылық деңгейіне жағымсыз әсерін тигізетіндігін айтқан (Erdivç, 2008, 203 -б).

### **Қорытынды**

Қорытындылай келе, диалектілер — жалпы халықтық сипатқа ие болмаған, тек белгілі бір өңірде ғана қолданылатын тілдік ерекшеліктер жиынтығы болып табылады.

Қазақ диалектісі зерттеулеріндегі кемшіліктерді төмендегідей түсіндіре аламыз:

Біріншіден, қазақ тіліндегі диалектілердің жіктелуінің әртүрлілігі, түрлі өлшемдермен жіктелетіндігі және жіктелген диалектілердің түрлі атаулармен аталуы. Қазақ тіліндегі диалектілер жіктелуіндегі зерттеу жұмыстарының материалдар қорының молдығымен сипатталса, екінші жағынан бұл жіктелулерде бірізділіктің болмауымен де сипатталады. Бұл құбылыстың өзі қазақ тіліндегі жергілікті тіл саласын зерттеуде жүйелі жұмыстардың қажет екендігінің көрінісі болып табылады.

Екіншіден, жоғарыда атап өткен жіктеулердің біріндегі дәстүрлі және дәстүрсіз диалектілер қазіргі таңда қайта зерттелінетін жұмыс ретінде қарастырылуы қажет тақырып деп ойлаймыз. Әсіресе, дәстүрсіз диалектіде көрініс табатын, яғни заман ағымымен қазақ тіліне енген сөздер тізімін жүйелеп қайта зерттелуі керек деген пікірдеміз.

Үшіншіден, жалпыұлттық қолданыстағы тілде мүкіндігінше дәстүрлі диалектіні қолдануды ұсынар едік. Өйткені, дәстүрлі диалектіні қолдану арқылы көнеден бері бүгінге жеткен тілдік ерекшеліктің заман ағымында ұмыт қалмай, архаизмдік сөз қорына ену қаупінен сақтау арқылы аталған диалектінің өміршеңдігін ұзартуға септігін тигізер еді деген ойдамыз.

Мақаланың мақсаты қазақ тілінің диалектілік зерттеулеріндегі кемшіліктерді жою және диалектілердің әдеби тілге қатысты рөлін анықтау болып табылады. Қазақ диалектологиясының зерттеу жұмыстары саласында көптеген еңбектердің болғанына қарамастан, әлі де қарастырылатын және зерттелетін тұстары баршылық деген пікірмен қорытындылаймыз.

### Әдебиеттер

Akar, A. (2018). *Oğuzların Dili*. İstanbul: Ötüken.

Akar, A. (2016). Sosyal Bilimlerin Veri Kaynağı Olarak Ağızlar, *Gazi Akademik Bakış*, (19), 169-182.

Atmaca, E. (2016). Kazak Türkçesi Ağızlarının Tasnifi Çalışmalarına Bir Bakış, *Uluslararası Türkçe Edebiyat Kültür Eğitim Dergisi*, 5(2), 589-625.

Eltazarov, J. (2016). Eski Orta Asya Oğuzcasının Kalıntısı: Harezmi Oğuz Diyalekti Hakkında, *Tehlikedeki Türk Dilleri*, (2), 81-115.

Erdoğan, D. (2008). “Ağız Araştırmalarında Transkripsiyon İşaretlerinin Farklı Kullanılması Sorunu”, *Turkish Studies*, International Periodical For the Languages, Literature and History of Turkish or Turkic Volume 3/6 Fall, 215-227.

İbragimov Zh. (2020). Siriderya Boyu (Kızılorda-Türkistan) Kazak Ağızları. (Yayımlanmamış Doktora Tezi). Muğla Sıtkı Koçman Üniversitesi / Sosyal Bilimler Enstitüsü, Muğla.

Жүнісбек, А. (2002). “Қазақ тілінің дыбыстары”, *Қазақ грамматикасы. Фонетика, Сөзжасам, Морфология, Синтаксис*. (ред. Е.Жанпейісов), Астана: А. Байтұрсынұлы Тіл Білімі Институты.

Коç, К. (2014). *Türkistan Diyalektisiniñ Söz Kori*. Türkistan: Yeltanım.

Kaliyev, G. & Sarıbayev, Ş. (2002). *Kazak Diyalektologiyası*. Almatı. Gılım.

Қысметова, Ш. (2004). Қазақ Тіліндегі Диалектизмдерді Зерттеу Мен Зерделеудің Маңызы Туралы. Атырау: Н. Досмұхамедов Атындағы Атырау Университетінің Хабаршысы, (4), 145-151.

Мамырбеков, Г. (2024). *Нығмет Сауранбаев Және Қазақ Тілінің Диалектологиясы*. Алматы: ЕЛТАНЫМ.

Нақысбеков, О. (2010). *Қазақ Тілінің Оңтүстік Говорлары Тобы*. Алматы: ҒЫЛЫМ.

Омарбеков, С. & Жунисов, Н. (1985). *Ауызекі Тіліміздің Дыбыс Жүйесі*. Алматы: Мектеп.

Sakhipova, F. (2007). *Kazak Türkçesinin Merkezî Kuzey ve Doğu (Orta Jüz) Ağızları*. (Yayımlanmamış Doktora Tezi). Ankara Üniversitesi / Sosyal Bilimler Enstitüsü, Ankara.

Shalbayev, A. (2000). *IX–XI Yüzyıllarda Sır Derya Oğuzları*. (Yayımlanmamış Yüksek Lisans Tezi). Gazi Üniversitesi / Sosyal Bilimler Enstitüsü, Ankara.

## References

Akar, A. (2018). *Oğuzların Dili*. İstanbul: Ötüken.

Akar, A. (2016). Sosyal Bilimlerin Veri Kaynağı Olarak Ağızlar. *Gazi Akademik Bakış*, (19), 169-182.

Atmaca, E. (2016). Kazak Türkçesi Ağızlarının Tasnifi Çalışmalarına Bir Bakış, *Uluslararası Türkçe Edebiyat Kültür Eğitim Dergisi*, (2), 589-625.

Eltazarov, J. (2016). Eski Orta Asya Oğuzcasının Kalıntısı: Harezmi Oğuz Dialekti Hakkında, *Tehlikedeki Türk Dilleri*, (2), 81-115.

Erdoğan, D. (2008). “Ağız Araştırmalarında Transkripsiyon İşaretlerinin Farklı Kullanılması Sorunu”, *Turkish Studies*, International Periodical For the Languages, Literature and History of Turkish or Turkic Volume 3/6 Fall, 215-227.

İbragimov Zh. (2020). *Siriderya Boyu (Kızılorda-Türkistan) Kazak Ağızları*. (Yayımlanmamış Doktora Tezi). Muğla Sıtkı Koçman Üniversitesi / Sosyal Bilimler Enstitüsü, Muğla.

Jünisbek, A. (2002). “Kazak Dilinin Dıbıstarı”, *Kazak Grammatikasi. Fonetika, Sözjasam, Morfologiya, Sintaksis*. (Red. E.Janpeyisov), Astana: A. Baytursınulı Til Bilim İnstitutı.

Koç, K. (2014). *Türkistan Dialektisiniñ Söz Korı*. Türkistan: Yeltanım.

Kaliyev, G. & Sarıbayev, Ş. (2002). *Kazak Dialektologiyası*. Almatı. Gılım.

Kismetova, Ş. (2004). *Kazak Tilindegi Lehçeciliğiderdi Zertteu Men Zerdeleudin Manyzy Turaly*. Atyrau: N. Dosmukhamedov Atındağı Atırıu Habarşısı Üniversitesi, (4), 145-151.

Mamırbekov, G. (2024). *Nıgmet Sauranbaev Bir Kazak Diyalektolojisi*. Almatı: Eltanym.

Nakısbekov, O. (2010). *Kazak Türkçesinin Güney Grubu*. Almatı: Gılım.

Omarbekov, S. & Zhunisov, N. (1985). *Auzek Tilimizdin Dıbıs Juyesi*. Almatı: Mektep.

Sahıpova, F. (2007). *Kazak Türkçesinin Merkezî Kuzey ve Doğı (Orta Jüz) Ağızları*. (Yayımlanmamış Doktora Tezi). Ankara Üniversitesi / Sosyal Bilimler Enstitüsü, Ankara.

Shalbayev, A. (2000). *IX–XI Yüzyıllarda Sır Derya Oğızları*. (Yayımlanmamış Yüksek Lisans Tezi). Gazi Üniversitesi / Sosyal Bilimler Enstitüsü, Ankara.

## KAZAK TÜRKÇESİ AĞIZLARINI İNCELEMENİN YÖNTEMSEL SORUNLARI

**Öz:** Bu makalede Kazak dilindeki yerel ağızların ve diyalektlerin doğası, bunların edebî dile olan ilişkisi ve farkları kapsamlı bir şekilde incelenmektedir. Diyalektoloji alanındaki araştırmalar, yerel dillerin oluşumu, tarihsel gelişimi ve sosyal faktörlere bağlı özelliklerini analiz etmeye yöneliktir. Yerel ağızların edebî dile olan etkisi ve bu etkilerin olumlu ve olumsuz yönleri de değerlendirilmiştir.

Diyalektlerin edebî dili zenginleştirmedeki rolü ve etkisi özel bir öneme sahiptir. Makalede, diyalekt sözcüklerin anlam ve kullanım farkları ile bu farkların coğrafi ve tarihsel etkenlere göre nasıl değiştiği analiz edilmektedir. Her bir diyalektin kendine özgü yapısal özellikleri ve dilin gelişimindeki yeri de ele alınmaktadır.

Araştırma sürecinde Kazak Türkçesinin diyalekt özellikleri, edebî dildeki değişimlerle birlikte halkın tarihî, yapısal özellikleri ve coğrafi dağılımının etkileri incelenmiştir. Ayrıca diyalektlerin edebî dile etkisine ilişkin bilim insanlarının görüşleri ve bu konudaki tartışmalara da yer verilmiştir. Makalede, Kazak Türkçesinde diyalektlerin olup olmadığına dair farklı görüşleri savunan bilimsel çalışmalar da sunulmuştur.

**Anahtar Kelimeler:** Codex Cumanicus, Kıpçak dili, Misyonerlik çalışmaları, Kırım, Ticaret.

## **МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ИССЛЕДОВАНИЯ ДИАЛЕКТОВ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА**

**Аннотация:** В данной статье всесторонне исследуется природа местных разновидностей и диалектов казахского языка, а также их взаимосвязь и различия с литературным языком. Исследования в области диалектологии направлены на анализ формирования местных говоров, их исторического развития и особенностей, обусловленных социальными факторами. Также рассматривается взаимное влияние диалектов на литературный язык, включая положительные и отрицательные аспекты их интеграции.

Влияние диалектов на литературный язык и их роль в обогащении словарного запаса имеют особое значение. В статье анализируются смысловые и употребительные различия диалектных слов, а также их изменения под влиянием географических и исторических факторов. Также рассматриваются структурные особенности каждого диалекта и его роль в развитии языка.

В ходе исследования рассматриваются диалектные особенности казахского языка, изменения в литературной норме и влияние на неё исторических, структурных и географических факторов. В статье также освещаются взгляды учёных и научные дискуссии по вопросу влияния диалектов на литературный язык, а также приводятся мнения о наличии или отсутствии диалектов в казахском языке.

**Ключевые слова:** Диалект, Литературный язык, Классификация языков, Лексика, Фонетика.

### **Extended Summary**

The concept of dialect has been defined several times to date, and among the people this concept is often called local language, because dialectal phenomena are linguistic features that have arisen at different stages of development of a particular national language.

Dialects are linguistic features that are not in general use, but are used only in a certain territorial region. In order for any language group to be called a dialect, it must be not in general use and have a characteristic that differs from the literary language.

Dialectology is a branch of linguistics that studies dialectal differences in a language, the origin, distribution and relationship of these dialects to the literary language.

Dialects, that is, local languages, are characterized by the diversity of words and the peculiarities of word combinations in the language fund of the local people inhabiting a certain region. The local language develops in harmony with the history, lifestyle, and worldview of the people inhabiting a certain geographical region. There are also phenomena in which some elements of the local language enter the national language fund and acquire a generalized character. Local languages, along with the use of the language fund of a certain region, are used in conjunction with the general national language, and are also distinguished by their lexical, phonetic, and grammatical characteristics. N. Sauranbayev's works express the opinion: "Dialects in the Kazakh language, that is, local language features, are the source of the old, the historical heritage left over from the old, the result of historical phenomena, and these dialects are not characterized by clear features, as in some Turkic languages."

In general, there are two stages of language development: the upper form is the literary language of a certain nation, and the lower form is dialects. This is stated in the work "Kazakh Dialectology" by Kaliyev and Sarybayev: "A dialect is considered as a sub-branch of a language characterized by its own features of the national language, and the task of dialectology is to examine the features of the local language".

We see that dialects contain data on many sounds, suffixes, and words that have been forgotten in the written language. Therefore, dialect plays an important role in determining the changes and development processes that have occurred in the language over time. The texts compiled and the analyses conducted in connection with dialects contain important data on solving problems related to the study of language.

The way in which dialects are formed begins with dialects. Dialects consist of linguistic features that are close to each other, as a result of which a group of dialects is formed, and then a dialect is formed at a later stage. The feature that distinguishes dialects from each other is distinctive features. The absence of a dialect in general is determined by the distinctive features of linguistic use and is the most important indicator in the study of dialects. Dialects have three main features in terms of the distribution and reception of information in the meaning of lexical words:

The first is the distribution of dialect words measured by territorial indicators. The second is the presence of a linguistic unit that is used only by a certain part of the users of local words. The third is the increased function

of the dialect in the dissemination and reception of information, due to the inclusion of local words in the literary language.

One of the main factors influencing the dialect phenomenon is the influence of the linguistic features of neighboring peoples in the geographical space on the language of the local people. As a result of the interaction of neighboring peoples, it is considered a natural phenomenon that the process of exchange of these values, in everyday life, customs and traditions, occurs. Therefore, it can be assumed that the dialect phenomenon itself is formed as a natural process. The prevailing views are based on the opinion that the formation and development of local languages in the Kazakh language is related to the history, structural features and geographical location of the people/nation. According to Zh. Aimauytuly, the process of exchange of words of peoples occurs due to the geographical location of the Kazakh people with other peoples. S. Amanzholov, on the other hand, expresses the opinion that the history of tribes and the history of language are in harmony and that the basis of modern local languages is in the history of the people.

---

**Yazar Katkı Oranı (Author Contributions):** Jumagali İBRAGİMOV (%100)

**Yazarların Etik Sorumlulukları (Ethical Responsibilities of Authors):** Bu çalışma bilimsel araştırma ve yayın etiği kurallarına uygun olarak hazırlanmıştır.

**Çıkar Çatışması (Conflicts of Interest):** Çalışmadan kaynaklı çıkar çatışması bulunmamaktadır.

**İntihal Denetimi (Plagiarism Checking):** Bu çalışma intihal tarama programı kullanılarak intihal taramasından geçirilmiştir.

**UDC 81; 13 DBTBL 16.21.21**